**ЖЕЛЕЗНАЯ ДОРОГА ИГРАЕТ КЛЮЧЕВУЮ РОЛЬ В РАЗВИТИИ ЭКОНОМИКИ СТРАНЫ. И ДЛЯ ЕЕ УСПЕШНОГО ФУНКЦИОНИРОВАНИЯ НАМ НЕОБХОДИМЫ НЕ ТОЛЬКО СОВРЕМЕННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ И ИНФРАСТРУКТУРА, НО И ВЫСОКОПРОФЕССИОНАЛЬНЫЕ КАДРЫ. ИМЕННО КАДРОВЫЙ ПОТЕНЦИАЛ – ОСНОВА РАЗВИТИЯ ОТРАСЛИ.**

Серик КЕУЛИМЖАЕВ,
руководитель аппарата АО «НК «ҚТЖ»




№14 (2944)
09/02/2024

# ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА


## АҚПАНДАҒЫ АҚ ТҮТЕК БОРАН...

**Жыл басы қаңтар жайсыз болған жоқ. Қар жауып, аракідік аяз көтерілгенмен, республиканың көп аймағында қалыпты ауа райы сақталды. Ал ақпан ақырып келді... Үсті-үстіне жауған қар мен ұйытқи соққан жел, кей жерлерде ат құлағы көрінбейтін ақтүтек боранға ұласты.**



**Лаура ТАСБОЛАТОВА,**
Астана

Қатал сыншы қысқа бес қаруын сайлап үлкен дайындықпен келетін теміржолшылар қауымы соңғы күндері штаттық режімде жұмыс істеуге көшкен. Олар ұйытқыған желмен алыса жүріп жолдарды қардан тазартып, пойыздардың қауіпсіз қозғалысын қамтамасыз етуде.

Қазгидрометтің мәліметінше, алдағы күндері Қазақстан кезекті Атлантикалық циклонмен байланысты атмосфералық фронттардың әсерін сезінетін болады. Боран соғып, еліміздің солтүстігінде желдің екпіні 23-28, кей уақыттарда 30 м/с күшейеді, жаңбыр мен қар түрінде жауын-шашын болады, солтүстік аймақтарда қатты қар, бұрқасын соғады деп болжануда. Еліміздің батысы мен солтүстік-батысында 10 ақпанға қарай ауа температурасы түнде 12-20 аязға дейін төмендейді деп күтілуде.

Магистральдық желі дирекциясының мәліметінше, бүгінгі таңда кейбір учаскелердегі қар үйінділерінің биіктігі 3-4 метрге жеткен. Жолды қардан тазартудың тәулік бойы режимі ұйымдастырылған. 1-7 ақпан аралығында 10 мың шақырымнан астам жол тазартылып, 114 мың текше метрге жуық қар шығарылды. Қыстың басынан бастап қар жинайтын жол машиналарымен 1 932 рейс орындалып, 500 мың текше метрге жуық қар массасы шығарылды. Өткен тәуліктің өзінде жол бойындағы қар құрсауымен күреске 70 бірлік техника шығарылып, 2 мың қызметкер тартылған.

Қазгидрометтің деректеріне сәйкес, Қазақстанның Батыс өңірінен, Ақтөбе, Орал аймағынан басталған циклон алдағы күндері еліміздің барлық өңірін қамтиды. Ақтөбеліктер соңғы үш күннен бері ақтүтек боранмен алысуда.



Өңірде автожол жабылып, әуе қатынасы да кейінге шегерілген. Тек темір жол бойында қозғалыс тоқтаған жоқ, пойыздар кестеге сай жүріп жатыр.

Аймақта арнайы штаб құрылып, күшейтілген режимде жұмыс істеуде. Жүздеген жолшы рельс бойын қардан тазартып, жылжымалы құрамның қауіпсіз қозғалысына жол ашуда.

Тақырыптың жалғасы 2-3 беттерде...

*Суреттерді түсірген Александр ЖАБЧУК*

### ТРЕНД НА МУЛЬТИМОДАЛЬНОСТЬ

**АО «KTZ Express» запустило новый мультимодальный сервис, который включает автоперевозку внутри Китая, вплоть до Урумчи, и авиаперевозку на маршруте Урумчи – Алматы.**

Мультимодальное решение, представленное компанией, обеспечивает клиентам эффективное сочетание различных видов транспорта, гарантируя быструю и надежную доставку грузов.

По словам специалистов, это решение позволяет оптимизировать логистические процессы, сокращая время доставки и повышая гибкость в выборе транспортных средств.

В компании уверены, новый мультимодальный сервис станет значимым шагом в обеспечении высококачественных логистических решений.

*Асель ШАЙХЫНОВА*

### ТРАНЗИТТІ ҰЛҒАЙТУДА

**KTZ Express ТХКБ бойынша ұйымдастырған тұрақты сервис аясында осы жылы қаңтар айында Қытайдың Сиань, Чунцин, Иву қалаларынан Қазақстан аумағы арқылы Әзірбайжанға, Түркияға және Грузияға транзитпен 10 контейнерлік пойыз жөнелтті.**

Жылдың бірінші айындағы тасымалдың тауарлық құрылымы – жеңіл автокөліктер, қосалқы бөлшектер, метал бұйымдар және құрылыс материалдарын құрайды. Бұл сервистің ерекшелігіне пойыздардың белгіленген кесте бойынша дәл қозғалуы, пойыздар аптасына үш рет жөнелтіледі. Бағдар бойынша жүктер орташа мерзіммен алғанда жолда 12-15 күндей жүреді, соның арқасында жүкті жедел әрі сенімді жеткізу қамтамасыз етіледі. Бір айта кетерлігі, биыл Орта дәліз бойынша тасымал көлемі оң динамиканы көрсетуде, ол KTZ Express көрсетіп отырған қызметтің сапасына клиенттердің сенім артатынын аңғартады. Бұған қоса KTZ Express АҚ-ның Қытайдағы кеңсесі логистика саласын жаңа мультимодальды сервиспен ұлғайтуда. Бүгінгі таңда Транскаспийлік халықаралық көлік бағдары – Қазақстан арқылы өтетін болашағы зор транзиттік бағдарлардың бірі екені белгілі. Осы ретте аталған компанияның ТХКБ бойынша серіктестерімен транзиттік өнімдерді жіберу жөнінен уағдаластыққа қол жеткізілген. Сонымен бірге баға құрау бойынша бірыңғай қағидаттар құрылды. Қазірде аталған көлік бағдарын цифрландыру жұмыстары үздіксіз жүргізілуде.

*Нұрай СӘРСЕНҒАЛИ*



**Нұрсұлтан БӨЛДЕШ,**
Жамбыл ЖТ бөлімшесі
Жастар станциясының бастығы:

«ШАҒЫН БОЛСА ДА КҮРЕ ЖОЛДЫҢ БОЙЫНДА, ҚОЗҒАЛЫС ҚАУІПСІЗДІГІНЕ ҮЛКЕН СТАНЦИЯЛАРМЕН БІРДЕЙ ЖАУАПТЫМЫЗ. СОНДЫҚТАН СТАНЦИЯДА ТӘУЛІК БОЙЫ КЕЗЕКШІЛІК ЕТЕТІН ТЕМІРЖОЛШЫЛАРҒА ҚОЛАЙЛЫ ЖАҒДАЙ ЖАСАЛУЫ АСА МАҢЫЗДЫ»

### ЦИФРЫ ГОВОРЯТ:

ДО 2025 ГОДА АО «ҚАЗТЕМІРТРАНС» ПРИОБРЕТЕТ ОКОЛО **3 тысяч** ГРУЗОВЫХ ВАГОНОВ.

ЕВРОПЕЙСКИЙ СОЮЗ ГОТОВ ВЫДЕЛИТЬ **10 млрд** ЕВРО НА РАЗВИТИЕ ТРАНСКАСПИЙСКОГО МЕЖДУНАРОДНОГО ТРАНСПОРТНОГО МАРШРУТА.

СВЫШЕ **13 тысяч** ПУТЕВЫХ ИНСТРУМЕНТОВ ИЗГОТОВИЛИ В КОНСТРУКТОРСКО-ЭКСПЕРИМЕНТАЛЬНОМ ЦЕНТРЕ ПАВЛОДАРА.

**Экспорт**

## ПОКАЗАТЕЛЬ УСПЕШНОГО РОСТА

**На станции Достык 4 февраля на экспорт передано 19 составов: 17 по широкой и два по узкой колее. В истории станции Достык такой рекорд зафиксирован впервые.**

**Елена КОЛДАСБАЕВА,**
Алматы

Суточная отгрузка 19 поездов с экспортными грузами составила 2 511 вагонов (147 432 тонны).

Во время рабочей смены отличились грузовой диспетчер Лиза Тортбаева, маневровый диспетчер Рустем Турысбеков, а также дежурные по станции Галым Мырзакулов, Аслан Ошманов, составители Айбек Алимгазы, Азамат Жумабеков, сигналист Алтынгуль Кафизова, дежурный по парку Данияр Наримбиев, товарные кассиры Айжан Смакова, Кулимхан Ербосынова, а также агенты по передаче грузов Улан Салкынбаев и Кайрат Бектуров. Отмечена и работа агентов по передаче СПВ Айны Аскеновой, Назым Жанболат, Салтанат Молдакан и Асем Оразбайкызы.

Продуктивно сработал диспетчерский аппарат РЦУП-2, а именно диспетчеры участка Достык – Актогай Ермахан Камшибаев и Нурлан Абдиев, старший диспетчер Тастанов Рустем. Они умело контролировали движение поездов, обеспечивая их эффективное передвижение.

Руководство Алматинского отделения грузовых перевозок отмечает постоянный рост транзитного грузопотока через станцию Достык.

– Повышение экспортных показателей свидетельствует об успешной деятельности станции Достык. Комплексные меры по техническому развитию и высокая производительность труда обеспечивают эффективную обработку поездов на международном стыке, – подчеркивает директор Алматинского отделения грузовых перевозок Нурым Жаниязов.



*Фото автора*

## ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫ АРТТЫРУҒА МҮДДЕЛІ

**Қазақстан мен Румыния көлік министрліктері Транскаспий халықаралық көлік маршрутын одан әрі дамыту бойынша ынтымақтастық туралы келісті. ҚР Көлік министрі М. Қарабаев Бухарест қаласында Румынияның көлік және инфрақұрылым министрлігінің басшысымен кездесу өткізді.**

**Ұлан ОРАЗ,**
Астана

Марат Қарабаев пен Сорин Гриндяну көлік және логистика саласындағы екіжақты ынтымақтастық мәселесін талқылады. Атап айтқанда, Транскаспий халықаралық көлік бағдары шеңберіндегі жобалар талқыланды. Қазақстанның көлік министрі Транскаспий халықаралық көлік маршрутының рөлі күн санап артып келе жатқанынын жеткізіп, Қара теңіз бен Еуропаның басым бөлігінің арасында орналасқан Румыния мемлекетінің Орта дәліздің әлеуетін арттыру барысындағы маңыздылығын ерекше атап өтті.

– Біз транзиттік жүк тасымалы көлемін өзара арттыру әрі мультимодалдық тасымалдар мен логистикалық үрдістер саласында тәжірибе алмасу мақсатында ынтымақтастығымызды одан әрі нығайтуға ниеттіміз. Қазақстан мен Румыния халықаралық көлік дәлізін дамыту бойынша халықаралық келісімнің қатысушылары екенін ескеретін болсақ, аталған дәліз бойындағы ынтымақтастықты одан әрі арттыруға қызығушылық танытып отырғанымыз орынды, – деді Марат Қарабаев.

Көлік министрі бастаған қазақстандық делегация Румынияға сапары аясында Констанца портындағы көлік-логистикалық бизнес-форумға және халықаралық автомобиль тасымалдары жөніндегі бірлескен комиссияның отырысына қатысты.

Аталған форум аясында Румынияның бизнес өкілдерімен B2B форматында кездесулер өтті. Сонымен қатар, қазақстандық делегация Констанца қаласындағы Румыниядағы ірі порттың қызметімен де танысты. Констанца портының мүмкіндіктері мен артықшылықтары Транскаспий халықаралық көлік маршрутының әлеуетін ашуда, сондай-ақ транзиттік жүк ағындарының көлемін өзара ұлғайту және мультимодальды тасымалдар мен логистикалық процестер саласындағы озық тәжірибемен алмасу үшін Қазақстан мен Румыния арасындағы ынтымақтастықты одан әрі нығайтуда маңызды рөл атқара алады.

Іс-шараларға Қазақстан тарапынан вице-министр Талғат Ластаев, теміржол және су көлігі комитетінің төрағасы Олжас Сапарбеков, «KTZ Express» АҚ, «Ақтау теңіз сауда порты» ҰК, «Транскаспий халықаралық көлік маршрутының» халықаралық қауымдастығы, Semurg Invest, Dar Rail және PTC Holding ЖШС басшылығының өкілдері қатысты.

### НАДЕЖНЫЙ ПАРТНЕР

**Объем транзитных перевозок грузов из Литвы через территорию Казахстана в 2023 году превысил 2,5 тысячи тонн.**

Об этом сообщалось во время встречи генерального директора СТК «KAZLOGISTICS» Ерлана Абсатова с послом Литвы в Казахстане Эгидиюсом Нависом. В прошлом году между Союзом транспортников Казахстана и Конфедерацией промышленников Литвы подписано Соглашение о создании Казахстанско-Литовского делового совета. Его цель – развитие сотрудничества между странами в транспортной, промышленной, торгово-экономической, научно-технической, энергетической и других областях, представляющих общий интерес для деловых кругов двух стран. Ерлан Абсатов является председателем Делового совета.

Литва входит в число десяти главных торговых партнеров Казахстана среди стран Европейского союза и тридцатку крупнейших партнеров в мире. При этом Казахстан входит в число двадцати крупнейших торговых партнеров Литвы. Высокий уровень политических отношений сформировал благоприятные условия для реализации потенциала в транспортно-логистической сфере.

В 2023 году объем транзитных перевозок грузов из Литвы через Казахстан вырос в 4,8 раза по сравнению с предыдущим и составил 2 678,7 тонны. Товарооборот между странами достиг 223 642 тысяч долларов.

*Любовь РОВБА*

№14 (2944) 09/02/2024

## Қармен күрес

### ЖЕДЕЛ ШТАБ ЖҰМЫС ІСТЕУДЕ

**Ардақ ЕРУБАЕВА,**
Ақтөбе

**Ақтөбеде – төтенше жағдай. ТЖД қатты жел мен боранға байланысты республикалық, облыстық, ауданішілік жол қозғалысына шектеу қойды, рейстер кейінге шегерілді.**



Темір жолда қозғалыс қалыпты, жүк және жолаушы пойыздары кестеге сай жүріп жатыр. Арнайы құрылған штаб жағдайды тәулік бойы бақылауда ұстап, күшейтілген режимде жұмыс істеуде. Ақтөбе магистральдық желі бөлімшесі директорының басшылығы штаб жұмысын сәт сайын қадағалап, ұйымдастыру жұмыстарын үйлестіп отыр.

«Қар қалың болмаса да ұйытқып соққан боранды желдің әсерінен қар темір жол бойын бітеп тастап жатыр. Пойыздар қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін жұмысшылар тәулік бойы кезекшілікпен жолды аршуда. Бүгін 7 ақпан күні жол шаруашылығынан 380 адам қармен күрес жұмыстарына жұмылдырылды. Қолда бар қар тазалау техникасы түгел жұмылдырылылды»,- деп хабарлады телефонмен жол бойынан жедел штабқа мәлімет беріп жатқан Ақтөбе магистральдық желі бөлімі директорының бірінші орынбасары Темірғали Көштаев.

*Суретті түсірген автор*

### ҚЫС – ҚАТАЛ СЫНШЫ

**Райхан РАХМЕТОВА,**
Астана

**Қыс басталса қарбалас тірлігі артатын жолшылар үшін биылғы қатал маусымның басты жұмысы қар тазалау болып тұр.**

Арқаның қысының әуселесін әуелден білетін астаналық жолшылар табиғаттың тосын сыйына қашан да дайын. Астана жол дистанциясына қарайтын 731,5 км теміржол телімінде бүгінде қар тазалау жұмысы қарқынды жүріп жатыр. «Ауыр артилерия» да іске қосылған, яғни жолшыларға көмекке техника келген.

– Астана жол дистанциясы қар тазалауға арналған техникалардың бәрін жаз бен күзде жөндеп, жарамдылығын тексеріп, майлап, сырлап, дайындап қойған. Дәл қазіргі күндері дистанция бойынша 13 техника қармен күрес жұмыстарына жұмылдырылып отыр. Ұйытқи соққан ақпанның ақ бораны жолдарды лезде қарға көміп тастап, қозғалыс қауіпсіздігіне нұқсан келтіреді. Сондықтан, жолшылар үнемі жол бойында жүр. Жалпы биыл қыс басталғалы дистанцияға қарасты теміржол бойынан 116 200 текше метр қар шығарылды, – деп мәлімет берді дистанцияның бас инженері Төленді Шапшекеев.

Аталған техникалардың алтауы – СМ2 машиналары, олар станция бойындағы қарды жинап апарып полигонға төгеді. ПСС - комбайн сияқты қарды өзі жинап, өзі апарып төгуге арналған. Қалған алтауы – СДПМ техникасы көбіне перегондарда жолдың қарын қырып, алысқа лақтырып өтеді. Бұл техникамен қыс түскелі 2863 км жолдың қары қырылып, тазаланған екен. Бұлардан бөлек станциялардағы бағыттама бұрмалардың қарын ауамен үрлеп кетіретін 6 үрмелі компрессор бар. Оны міндетті түрде 8 адамнан 16 адам жұптасып, әр құралға екі адамнан жұмыс істеуде дейді.

### БАСТЫ НАЗАРДА – ҚАУІПСІЗДІК

**Ислам ТАЛҒАТ,**
Астана

АЙЛЫҚ

**«ҚТЖ – Жүк тасымалы» ЖШС-де ақпанның 1-29 ақпан аралығында «Пойыздық және маневрлік жұмыста қозғалыс қауіпсіздігін бұзудың алдын алу» айлығы өтіп жатыр.**

Пойыздар қозғалысына байланысты қызметкерлердің білім деңгейін арттыру мақсатын көздеген айлық аясында пойыздарды қабылдау және жөнелту, сондай-ақ, маневрлік жұмыстарды жүргізу кезінде қозғалыс қауіпсіздігінің бұзылуының алдын алу жұмыстарына ден қойылады. Айлықты өткізу шеңберінде нұсқаулықтар мен ережелердің сақталуына, маневрлік жұмыстарды жүргізу кезінде белгіленген келіссөздер регламентінің орындалуына бақылау күшейтілетін болады.

Сонымен қатар қызметкерлердің стандартты емес жағдайларда, ауа-райының нашарлауында және жұмыста қиындықтар туындаған кездегі іс-әрекеттері туралы практикалық білімдерін бағалауға ерекше назар аударылмақ.

## ЗАМАНАУИ ТЕХНИКАНЫҢ ИГІЛІГІН КӨРУДЕ

ЕҢБЕК ҚОРҒАУ

**Өткен жылдың соңында «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ Ресейде жасалған МПТ-6/869 мотовозының бірнеше данасын сатып алған болатын. Сол су жаңа заманауи техниканың біреуі қиырдағы Сексеуіл жол дистанциясына беріліп, бүгінде жолшылар оның игілігін көріп отыр.**

**Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,**
Қызылорда – Сексеуіл

Жаңа техниканың бұған дейінгі қолданыста болған мотовоздарға қарағанда тетіктері жетілдірілген, қолданысқа жайлы, көптеген қолайлылық бар. «Жақсыны көрмек үшін» деп, жаңа техниканы жұмыс үстінде сынап көрмекке Сексеуілге жол тарттық.

Қызылорда магистральдық желі бөлімшесіне қарасты Мұрат Байділдаев басқаратын Сексеуіл жол дистанциясының теміржолшылары Сексеуіл – Қоскөл, Сексеуіл – Аралқұм бағытындағы жүздеген шақырым жол күтімін жасайды. Екі бағыттағы жол айрығына қызмет көрсетіп, қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз етіп отырған сексеуілдік жолшылар үшін жаңа техника «іздегенге сұраған» – болыпты. Бұл туралы оның жұмысын бірге тамашалап, мотовоздың техникалық сипаттамасымен таныстырған дистанцияның бас инженері де, механигі де, тіпті машинисі де жарыса әңгімелеп берді.



– Мотовоз 2023 жылы Ресейде шығарылған, қолданылу мерзімі – 30 жыл. Бүгінде қай телімінде жұмыс болса, сол жерге жіберіліп, телім бойына ары-бері тасымалдап, құрал-саймандарымен жеткізіп отырған МПТ-6/869 мотовозының жұмысына жолшылар қауымы дән риза. Осындай заманауи техникамен қамтамасыз етіп отырған компания мен бөлімше басшылығына алғыс айтамыз, –деді бас инженер Елдос Жеткербай.

– Өткен жылдың желтоқсан айынан бастап МПТ-6/869 машинисі болып тағайындалдым, жаңа техника маған сеніп тапсырылды. Мотовоз толық автоматтандырылған, генератор арқылы 380 вольттық электр күшімен басқарылады. Барлық жүйе мониторда көрсетіліп, борт компьютер арқылы жұмыс істейді. Өртке қарсы тетігі жүйеге қосылған. Бұрынғы техникалар майдың қысымымен жүргізілсе, мұнда оның барлығы электр тогына көшірілген. Консун краны 5 тоннаға дейін жүк көтереді, стреласы 8,5 метрлік, кабинасына 10 адам сыяды. Жылыту, салқындату жүйесі жұмыс жасайды. Барлық қауіпсіздік тетіктері КЛУБ, ЖПРС жүйелерімен қамтылған. Жалпы техника тек заманауи құрылғылармен жабдықталған, – деп сипаттады мотовоз машинисі Ержан Қалдыбаев.

Сексеуіл – табиғаты қатал өңір. Таң азанымен пойыздан түскен бізді Тебіренбес жотасынан ұйытқи соққан жел мен азынаған боран қарсы алды. Бетті қарыған аяз да күшінде екен. Өңменнен өтетін суық жолаушылар пойызынан түскен адамдарды бүрсеңдетіп алдына салып ала жөнелді. Тек тәуліктің кез келген сағатында телім бойына шығып жолдың бабын жасайтын жолшылар ғана ештеңені елемейтіндей, әне, су жаңа мотовозға жабыла мініп, асай-мүсейлерін тиеп алып жолға шығып барады...

*Суретті түсірген автор*

## Сұхбат

### МАГИСТРАЛЬДЫҚ ЖОЛДЫҢ БАСЫМ БӨЛІГІ ЖАҢАРДЫ

**Атырау магистральдық желі бөлімшесі өткен жылы өңірде ауқымды істер атқарып, жақсы көрсеткіштерге қол жеткізді. Бөлімше директорының өндіріс жөніндегі орынбасары Аманқос Жылқыбаевпен осы бағыттағы жұмыстар жөнінде сұхбаттастық.**



**Қосұйым МҰҚАШЕВ,**
Атырау

**– Аманқос Бөрібайұлы, өндірістік аймақ саналатын Атырау облысы үшін темір жолдың маңызы өте зор. Өткен жыл аймақ темір жолы үшін қандай жетістіктермен қорытындыланды?**

– Компания басшылығы алға қойған міндеттерді жүзеге асыру және бекітілген жоспарларды орындау мақсатында Атырау магистральдық желі бөлімшесі ауқымды жұмыстар атқарып келеді. Ең алдымен аймақтағы жол сапасына мән беріліп отыр, ондаған шақырым жолдар күрделі жөндеуден өтті, бұрмалар ауыстырылды, мал қоршаулары салынды, құммен күрес жүргізіліп, байланыс, электр желілері жаңаруда, жұмысшылардың еңбек орындарын жақсартуға, барлық бағытта да қауіпсіздіктің сақтауына күш салудамыз. Мамандардың кәсіби шеберлігін арттыру мақсатында жоспарлы техникалық сабақтар үнемі жүргізілуде. Сонымен қатар түрлі жағдайлар мен оқыс оқиғаларға байланысты жеделхаттар уақытылы таныстырылып, талданып, мұндай жағдайлар қайталанбас үшін жұмысшылардың білім деңгейін көтерудеміз. Техникалық сабақ барысында қысқаметражды видеороликтер, ситуациялық схемалар міндетті түрде жұмысшылар назарына ұсынылады. Айта кетерлігі, бүгінгі таңда бөлімшеде екі мыңнан астам адам қызмет етеді, қызметкерлер тарапынан еңбек тәртібін бұзу оқиғасы тіркелген емес. Өндірістік жұмысты орындау технологиясы, еңбек қорғау және қауіпсіздік техникасының талаптары қатаң сақталады. Салалық жарыста да жақсы жетістіктеріміз бар.

**– Өзіңіз айтқандай, ең бастысы жол сапасы жайлы не айтасыз?**

– Дәл бүгінгі күні өңірде магистральдық жолдың 80-85 пайызы жаңарып қалды деуге негіз бар, тек бұған станциялық жолдар жатпайды. Былтырғы жоспар бойынша аймақта жүз шақырым, нақтысы 99,97 км жол күрделі жөндеуден өтті. Соның ішінде Құлсары жол дистанциясы бойынша Қоркөл-Рзд-464 аралығында белгіленген 31,5 км жол түгелдей салынып бітіп, пайдалануға берілді. Атырау жол дистанциясы бойынша Исатай станциясы мен 11 разъезд, 14-рзд-Аққыстау, Аққыстау-Бақсай аралығындағы 68,2 км жол да толықтай салынып бітті. Атырау бөлімшесі бойынша негізгі бағыттардағы тарамдардың бәрінде рельстер жаңарды деуге болады. Станциялардағы қосалқы тарамдардың ескі рельстері де жоспар бойынша жаңалануда. Жол сапасы жақсаруының нәтижесінде жолаушылар пойызының жылдамдығы 60 км/сағ-120 км/сағатқа, жүк тасымалы пойызының жылдамдығы 50 км/сағаттан 100 км/сағатқа көтеріліп отыр. Балдық бағалау бойынша жол сапасы 2023 жылдың қорытындысымен 53 балл болып, 132% құрады! Өткен жылы бөлімше бойынша 26,676 км күшейтілген орташа жөндеу мен бағыттамалы бұрмаларды ауыстыру жұмыстары да жүргізіліп, ПЧ-9 бойынша 27 жиынтық, ал ПЧ-11 бойынша 13, барлығы 40 жиынтық бағыттама бұрмасы орнатылды. Сонымен қатар былтыр 149,2 шақырымға мал өтпейтін қоршау салу жоспарланып, оның 110 шақырымы аяқталды, қалғаны биыл жалғасады.

**– Жол жөндеуде техникалар рөлі қандай, жалпы жол шаруашылығының техникалық жабдықталуы қалай?**

– Жаһандық үрдістен қалмау үшін озық технологияларды қолдану – ол заман талабы. Бұрыннан бар техникаға қоса шағын механизация құралдары алынды. «Жейсмар» фирмасының қол еңбегін жеңілдететін механикаландырылған рельстескіш, рельскескіш құралдары да қолданыста. Ауыр жүктерді көтеріп түсіруге (темірбетонды бұрмаларды, бағаналарды, шпалдарды, ауыр техникалардың қосалқы бөлшектерін) арналған КЖ-562 маркалы краны алынды. Бұрынғы рельстердің ұзындығы 25 метрлік болып бунақталып салынатын болса, қазіргі уақытта Ақтөбе рельс зауытынан дайындалған 725 метрлік түйіспесіз жолдар салынуда. Кешенді жол техникалары кестеге сай жүріп өтеді. ДУАМАТ, ДГС, ПБР, ВПРС, МКТ машиналары кеңінен пайдаланылады.

**– Жұмыс уақытының көбін далада өткізетін теміржолшылардың дені сіздерде, оларға қандай жағдай жасалып отыр?**

– Дұрыс айтасыз, қыстың қытымыр аязы мен жаздың шілінгір ыстығында күн-түн демей далада жел өтінде жүретін теміржолшылардың басым бөлігі магистральдық желі бөлімшесінде еңбек етеді. Олар ауа-райымен, уақытпен санаспайтын мамандық иелері. Оларға жұмыс учаскелерінде әлеуметтік-тұрмыстық жағдай жасау «ҚТЖ» ҰК» АҚ бағдарламасында көрсетілген. Соған сай өңірлерге жылыну пункттерін қайта жасақтау үшін бес тонналық 95 контейнер жеткізіліп, Атырау жол дистанциясына 50 дана, Құлсары жол дистанциясына 45 данасы бөлінді. Олар өңірдегі барлық станциялар мен разъездерге орналастырылып, жұмысшылар игілігіне берілді. Жылыну пункттері – жұмысшылардың жұмыс арасында демалып, дамылдайтын орындары. Онда жылынып, тамақ ішуге болады. Ішінде пеші, үстел мен орындықтар қойылған. Сонымен қатар Атырау жол дистанциясына 13, Құлсарыға 4 модульді үй жеткізіліп, олар Нарын, Махамбет, Қарабатан станцияларына және шағын бекеттерге орналастырылды. Онда жатын бөлме, ас ішетін, жуынатын бөлмелер, теледидар – бәрі бар.

**– Жолшылардан бөлек белгі беру-байланыс, электрмен жабдықтау дистанцияларының жұмыстары жайлы не айтасыз?**

– Электрмен жабдықтау, белгі беру және байланыс дистанцияларында жаңа технологияларды енгізуде айтарлықтай ілгерілеу байқалады. Тозығы жеткен шкафтар жаңа үлгілерімен ауыстырылуда. Станцияларда, күзетілетін және күзетілмейтін теміржол өткелдерінде бұрынғы спиральді лампалар жарықдиодты лампалармен толық ауыстырылды. ШЧ-8, 9, 11 белгі беру және байланыс дистанциялары ескі байланыс құрылғыларын жаңа үлгідегі, озық технология талаптарына сай жүргізуге көшті. Өткен ғасырдағы КАС-2, С-6 шкафтары қазіргі талапқа сай ДХ-500 37 дана цифрлы байланыс шкафтарымен ауыстырылды. Бұрынғы шкафтар қарда, суда ылғал тартып, сымдары үзілетін болса, қазір мұндай бас ауру мүлдем жоқ десе де болады. Бағдаршамдардың көрінімін жақсарту мақсатында Алтай, Теректі, Тұрыш, Құрсай, Сәнкібай, Сағыр, Махамбет бекеттерінде линзалық шам жинақтарын жарықдиодты шамдарға ауыстыру жұмыстары жүргізілді. ЭЧ-4 мекемесі өткен жылғы жоспар бойынша 857,6 шақырым жоғарғы вольтты ток желілерін жоспарлы жөндеу жұмыстарын толығымен аяқтады.

**– Алдағы жоспарларыңызбен де бөлісе кетсеңіз?**

– Алдағы жоспарға келсек, биылға 68,3 км жолды күрделі, 36,091 км күшейтілген орташа жөндеу, 37 жиынтық бұрма ауыстыру, 99,4 шақырым мал қоршау салу, 1,353 км рельс плеттерін ауыстыру, ағымдағы басқа да жұмыстар жоспарланып отыр. Аймақ ерекшелігіне сай қозғалысқа қиындық тудыратын құммен күрес те біз үшін басты жұмыс. Өңірде осындай 231,05 шақырым жол бар. Былтыр Нарын-рзд14-рзд15-Аққыстау аралығында қамыс және шпалдан құм-бөгет жасадық. Биыл осындай жұмыстарды рзд7-рзд8-Исатай-рзд10 аралығында жүргізгелі отырмыз.

**– Рахмет, істеріңізге сәттілік!**

№14 (2944) 09/02/2024

# КРУГЛОСУТОЧНО НА ПОСТУ

СНЕГОБОРЬБА

**В сложных метеорологических условиях усилена работа сотрудников Акмолинского отделения магистральной сети (НЖС-1). Железнодорожники благодаря отлаженному процессу справляются со стихией в полном объеме.**

**Асель ШАЙХЫНОВА,**
Кокшетау



С начала снегопадов с октября прошлого года в НЖС-1 было вывезено 226 880 кубических метров снега и очищено 12 849 километров железнодорожных путей, задействовано 20 280 железнодорожников и 36 единиц специальной техники (17 единиц снегоочистительных машин СМ и 19 единиц снегоуборочных машин СДПМ).

Работа по очистке и уборке снега производится без перерывов в движении поездов. Особая роль в очистке снега – за работниками дистанций пути (1-я очередь), а также немаловажную роль играют работники смежных служб (2-я очередь), которые, несмотря на сложные метеоусловия, вносят свой ежедневный вклад в общее дело.

– Обильные снегопады не застали врасплох работников. У нас большое хозяйство, ведь Акмолинское отделение магистральной сети расположено на территории трех областей: Акмолинской, Северо-Казахстанской, Костанайской, и обслуживает устройства пути, сигнализации и связи, устройства электроснабжения в семи направлениях: Кокшетау – Петропавловск, Кокшетау – Зерновая, Кокшетау – Кызылту, Кокшетау – Астана, Астана – Есиль, Астана – Ерейментау и Астана – Анар. Всего границы НЖС-1 включают в себя 64 железнодорожные станции, развернутая длина главных путей составляет 2 705 километров, 113 железнодорожных переездов, развернутая длина контактной сети составляет 3 189 километров, – рассказал начальник отдела пути Валихан Бекбергенов.

Особенную лепту в борьбе со снежными заносами внесли (по Кокшетауской дистанции пути ПЧ-15) по станции Тайнча – машинист путевых машин 7-го разряда Александр Кулинич, монтер пути 6-го разряда Асхат Сайдалинов, монтер пути 4-го разряда Серик Сулейменов; по станции Кокшетау – машинист путевых машин 7-го разряда Игорь Вьюков, монтер пути 4-го разряда Серик Жолдаспаев, монтер пути 6-го разряда Асылбек Ахметжанов. А также сотрудники Атбасарской дистанции пути ПЧ-20, по станции Атбасар – машинист СМ-2 Вадим Борисовский, машинист СМ-2 Каирбек Кожахметов, монтер пути 5-го разряда Павел Тихон. Не менее самоотверженно работают в самых неблагоприятных погодных условиях, при любой метели (по Астанинской дистанции пути ПЧ-17), по станции Астана – дорожный мастер Болат Абильдин, машинист СМ-2 Адилжан Касымов, помощник машиниста СМ-2 Абай Дюсембаев, помощник машиниста СМ-2 Бауыржан Мырзабеков и другие.

В отделении на всех внеклассных станциях и станциях 1-2-го классов созданы оперативные постоянно действующие штабы по работе в зимних условиях, а также снегоборьбе. Эта работа ведется для обеспечения безопасности и бесперебойного движения поездов, соблюдения требований техники безопасности и охраны труда, а также для порядка взаимодействия по организации снегоборьбы. Обеспечено круглосуточное дежурство руководящих работников отделений, станций, эксплуатационных локомотивных и вагонных депо.

– Очистка железнодорожных путей ведется в штатном круглосуточном режиме. Снегопад не стал преградой поездам. Работники магистрали обеспечивают содержание железнодорожного пути в нормативном состоянии, борются со снежными заносами, а также производят погрузку и транспортировку собранного снега, – добавил Валихан Бекбергенов.

Также слаженно выполняются работы по уборке снега и расчистке прилегающих территорий вокзалов, перронов и пассажирских платформ.

*Фото автора*

# ЗАМЕТАЕТ ЗИМА, ЗАМЕТАЕТ...

**Одной из важнейших составляющих по предотвращению нарушений безопасности и бесперебойности движения поездов является борьба со снегом. Илецкие железнодорожники относятся к этому со всей ответственностью.**

**Ануар БАЙЖАНОВ,**
Илецк

Новый год начался с обильных снегопадов, однако в январе с очисткой путей от снега работники Илецкой дистанции пути (ПЧ-3) справлялись своими силами. Работали в выходные и праздничные дни, а также в ночное время. По станции работала снегоуборочная машина СМ-2. В январе произведено 16 выгрузок, вывезено 5 440 кубометров снега.

На перегоне Илецк – Уютный, Илецк – Кос-Арал очистка путей общей протяженностью 335 километров проводилась роторным снегоочистителем СДПМ.

